

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 сәуірдегі № 216 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 13, 71-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл ж о с п а р ы н д а :

«Жалпы ережелер» деген бөлімде:
«Қаражатты екінші деңгейдегі банктерге шартты түрде орналастырудың шарттары мен тетіктері» деген кіші бөлімде:

4-тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«7) «Даму» КДҚ» АҚ және ЕДБ арасында жасалған кредиттік келісім шеңберінде: өңдеу өнеркәсібінде ШОКС-қа берілген қарыздарды қайта қаржыландыруға ЕДБ бағыттайтын қарыздардың үлесі Мемлекеттік комиссия мақұлдаған ЕДБ лимитінің 25 % - ы н а н а с п а й д ы ;

өңдеу өнеркәсібінде ШОКС-тың айналым қаражатын толықтыру мақсаттары үшін ЕДБ бағыттайтын қарыздардың үлесі Мемлекеттік комиссия мақұлдаған ЕДБ лимитінің 25 % - ы н а н а с п а й д ы ;

өңдеу өнеркәсібінде ШОКС-тың жаңа жобаларын қаржыландыруға ЕДБ бағыттайтын қарыздардың үлесі Мемлекеттік комиссия мақұлдаған ЕДБ лимитінің кемінде 50 % - ы н қ ұ р а й д ы . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК